



Бүлдіршіндерге естен кетпес сый жасады

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Өскемендегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында айтулы мерекелік шара өтті.

өнерлерін ортаға салып, думанның көркін қыздыруда. Мың бұралған би көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, тәмамдалған тұста кітапхана директоры Күлзада Карчалова жиналғандарды мерекемен құттықтады.

– Біз әрбір мейрамда өзіміздің тұрақты оқырмандарымызға, жанашыр жақындарымызға алғыс айтып, марапаттаймыз. Сол үрдісіміздің жібін үзіп алмай, бүгін де әрмен қарай жалғастырамыз, – деді кітапхана басшысы. Мекеменің ұйытқы болуымен өткен шараларда белсенділік танытқандары үшін Илона Филипова, Елена Сафонова мен Алина Какишева және «Бельканто» вокалдық студиясы марапат иегері атанды.

Сабантойға қонаққа келген «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрайымы Маржан Бақытқызы сөз алып, бүлдіршіндерге жүрекжарды тілегін арнады.

– Тұңғыш рет өтіп жатқан «Балалар са-

бантойы-2016» атты шараның ел болашағы – бүлдіршіндеріміздің кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға үлесі тиетініне сенемін. Бұдан ары балаларды рухани бай, отансүйгіштікке тәрбиелеу жолында жұмыла жүріп қызметтер атқарар болсақ, талай белестерді бағындыратынымызға бек сенімдімін, – деді ол.

Тойдың ендігі бөлігі ақшаңқан киіз үйдің ауласындағы алтыбақан, асық ату, ақсүйек сынды ұлттық ойындармен жанданып, тәтті-дәмдіні тегін үлестірген «дүкен» мен ермексаз үйірмесі дүңгіршегінің айналасында өрбіді. Үрлемелі батуттардың да төңірегі қызыққа толы. Мерекелі қауым жайлаудағы ат шаптырып, көкпар тартқан тойдан қайтқандай, арқажарқа күліп, бірін-бірі әзілмен түртпектеп, қунақ тарқасты.

– Алда ұзақ әрі ғажапқа толы жазғы демалыс. Сол демалыстың есігін алғаш болып айқара ашқан – бүгінгі думан! Сабантой – достықтың дәнекері! Туңғыш рет өтіп жатқан және де жалғасын табатын «Балалар сабантойынан» тыс қалмаңыздар, – дейді кітапхана директорының орынбасары Күлмария Балташқызы.

Тасқын Болатұлы



анадай жердегі сахна төңірегіне жиып алды. Жиып алды да, мерекелік концертті өлеңдетіп-жырлатып бастай жөнелді. Ізін ала «аюлар мен қояндар», «батырлар мен сұлулар» дөңгелене биледі, әуелетіп ән шырқады. Қазақтың ұлттық киіміндегі бүлдіршіндер де өздерінің

Мекеме білдей бір қаланың тырнақтай ғана бұрышын алып жатқанымен, ауласы адам айналып еңгігерліктей, мейлінше кең. Дүбірлеген той, думанды шуыл, көңілді әуенін құлағыңыз шалып қалып, дарбазасынан сығаласаңыз, өзге әлемге тап боласыз: қорбаңдаған аю, қалқанқұлақ қоян, сауыт киген батыр, сылқ-сылқ күлген сұлулар, екі беті алмадай қызарған сайқымазақтар, қойшы әйтеуір, небір «жақсылар мен жайсандар» жиылып, ерсілік-қарсылы жүгірген бүлдіршіндердің көңілін аулап, кереметке батырып жүр. Әлде арнайы киінген адам, әлде, шынымен де, ертегі кейіпкерлерінің өзі келгенін айырып болмастай – ғажап. Ауып кеткен аңсарымды ауыздықтап алмай, сол ортаға еміне еніп кеттім. Түрлі ұлттың ұлттық нақыштағы киімін киген өнерпаздар, бүгінгі мейрам үшін ат арытып алыс-жақын елдерден келген балалар деп түйдім, жар салып, барша жанды